

Ресей Федерациясынан Тәжікстан Республикасына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы әскери-техникалық мүліктің транзитіне рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 24 қаңтар N 94

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Z960009_ Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзитінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 P991143_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес Ресей Федерациясы Қарулы Күштерінің 201-мотоатқыштар дивизиясы үшін берілетін әскери-техникалық мүліктің Ресей Федерациясынан Тәжікстан Республикасына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі 1995 жылғы 26 мамырдағы Арнайы жүктерді және әскери мақсаттағы өнімдерді тасымалдау туралы Z990368_ келісімге және басқа да нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес ерекше қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша темір жол көлігімен әскери-техникалық мүліктің транзиттік тасымалдануын жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден

комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағы арқылы әскери-техникалық мүліктің транзитін бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі осы қаулыны жүзеге асыру мақсатында қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 24 қаңтардағы
N 94 қаулысына
қосымша

Тәжікстан Республикасындағы Ресей Федерациясы Қарулы Күштерінің
201-мотоатқыштар дивизиясы үшін берілетін әскери-техникалық
мүліктің номенклатурасы мен саны

Әскери-техникалық мүліктің атауы ! СЭҚ ТН ! Өлшем ! Саны
! коды ! бірлігі !
-----!-----!-----!-----

Изотермикалық автомобиль-фургон (ИАФ-3307) 870590900 дана 2
Нан таситын автомобиль-фургон (НАФ-3307) 870590900 дана 2

Бағыты: Брянск қаласы (Ресей Федерациясы) - Душанбе қаласы
(Тәжікстан Республикасы).

Шекаралық өту пункттері: Ақсарай (Ресей Федерациясы) - Бейнеу
(Қазақстан Республикасы).

Құрамда: 2 платформа.

Жөнелтуші: Ресей Федерациясы Қарулы Күштерінің 46129-әскери бөлімі.

Алушы: Ресей Федерациясы Қарулы Күштерінің 2447-әскери қоймасы.

Әскери-техникалық мүліктің атауы ! СЭҚ ТН ! Өлшем ! Саны
! коды ! бірлігі !
-----!-----!-----!-----

Су тасуға арналған автомобиль-цистерна
(АЦПТ-4,7) 870422910 дана 4
Ауыстыру плитасы (АП-40) 732112000 дана 10

Бағыты: Лакинск қаласы (Ресей Федерациясы) - Душанбе қаласы
(Тәжікстан Республикасы).

Шекаралық өту пункттері: Ақсарай (Ресей Федерациясы) - Бейнеу
(Қазақстан Республикасы).

Құрамда: 4 платформа, 1 жартылай вагон.

Жөнелтуші: Ресей Федерациясы Қарулы Күштерінің 74100-әскери бөлімі.

Алушы: Ресей Федерациясы Қарулы Күштерінің 2447-әскери қоймасы.

Әскери-техникалық мүліктің атауы ! СЭҚ ТН ! Өлшем ! Саны

! коды ! бірлігі !

-----!-----!-----!-----
Ауыстыру плитасы (АП-40) 732112000 дана 10

Бағыты: Петровск қаласы (Ресей Федерациясы) - Душанбе қаласы
(Тәжікстан Республикасы).

Шекаралық өту пункттері: Ақсарай (Ресей Федерациясы) - Бейнеу
(Қазақстан Республикасы).

Құрамда: 1 жартылай вагон.

Жөнелтуші: Ресей Федерациясы Қарулы Күштерінің 61856-әскери бөлімі.

Алушы: Ресей Федерациясы Қарулы Күштерінің 2447-әскери қоймасы.

Әскери-техникалық мүліктің атауы ! СЭҚ ТН ! Өлшем ! Саны
! коды ! бірлігі !

Тіркемелі ас үй (ТА-130-11) 871640000 дана 15
Автомобильді ас үй (ПАК-200М) 870590900 дана 4

Бағыты: Самара қаласы (Ресей Федерациясы) - Душанбе қаласы
(Тәжікстан Республикасы).

Шекаралық өту пункттері: Илецк 1 (Ресей Федерациясы) - Шеңгелді
(Қазақстан Республикасы).

Құрамда: 4 жабық вагон, 2 платформа.

Жөнелтуші: Ресей Федерациясы Қарулы Күштерінің 259-әскери базасы.

Алушы: Ресей Федерациясы Қарулы Күштерінің 2447-әскери қоймасы.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қобдалиева Н.М.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК